

Қазақстан ғылымының бүгіні мен болашағы

Ұлттық ғылым академиясының президенті Кенжеғали Сағадиев қарашаның 23-інде баспасөз конференциясын өткізді. Онда өңгіме нарық жағдайында ғылымды дамыту туралы болды.

Ол экономикадағы дағдарысты жағдай ғылыми мекемелерді қаржыландыруға да салқынын тигізбей қоймағанын айтты. Биылғы мамыр-маусым айларында ғана ҰҒА жүйесінде 1100-ден астам адамды қысқартуға тура келді. Қазір біріктіру жолымен екі ғылыми-зерттеу институты және бір ғылыми орталық, 105 лаборатория мен бөлім таратылуда. Демек тағы да мыңнан астам ғалым мен маман Қазақстан ғылымынан кетеді.

Сондай-ақ археология және тарих пен этнография, жоғары энергия және физика-техника институттары, ұйғыртану және шығыстану орталығы біріктірілуде. Енді ҰҒА құрамында 40 қана ғылыми-зерттеу институты, 2 ғылыми орталық және бір филиал жұмыс істейтін болады.

Қазіргі басты міндет, деп есептейді. К. Сағадиев, қалған

ғылыми әлеуетті сақтай білу. Осы мақсатпен, деді ол, барлық ғылыми-зерттеу институттарына, лабораторияларға, бөлімдерге мұқият тексеру жүргізіліп, әрбір ғылыми қызметкер аттестацияланды. Ең алдымен қазіргі жағдайда мүлдем қажеті жоқ тақырыптар мен жобалар алып тасталды. Республиканың экономикасы мен ғылымының болашағын айқындайтын және отандық өндірістің нақты проблемаларына тікелей байланысты бағыттарға басымдық берілді.

Олардың арасында ҰҒА президенті: биотехнология, минералдық шикізатты кешенді пайдалану, таяу және шалғай ғарышты игеру проблемалары, информатика, адамның, ғылым мен ғарыштың мүдделерін ұштастыру, жана материалдар жасау сияқты салаларды ерекше атап

өтті. Бұл орайда, жалпы алғанда республика ғылымы сияқты, көптеген жобалар еткен жылы арнайы зерттеу жүргізген БҰҰ сарапшыларынан жоғары баға алды. Олар өздерінің есебінде былай деп жазады: «Қазақстандық жоғары технологиялардың қундылығы соншалық, олар елді ойдағыдай дамытуға және оны әлемдегі дамыған мемлекеттердің қатарына алып шығуға көмектесе алады. Ол ол ма, қазақстандық ғылыми орталықтардың өзіндік технологияларда тамаша күздіретілгімен қатар, зерттеу шеберлігімен де ерекшеленеді. Және бұл жұмыстар дамыған елдердегіге қарағанда едәуір арзанға түсуде».

Сөйтіп, Ұлттық ғылым академиясы технологиялық тұрғыдан ешкімге тәуелсіз түсті металлургия, кен-металлургия кешені, жартылай өткізгішті приборлар өндірісінің жолға қою, микроэлектроника салаларын дамытуға көмектесе алады. Қазірдің өзінде академияның қызметкерлері, ма-

мандардың пайымдауынша, әлемдік деңгейде жасалған 70-тен астам талдамаларды жүзеге асыруға өзіндік. Олардың көпшілігі таяудағы 3-4 жылдың өзінде-ақ ақтайды.

ҰҒА президентінің пікірінше, біздің ғалымдарымыздың нарық жағдайында жұмыс істеуге әлі үйренуі керек. Тек отандық қана емес, сондай-ақ шетелдік өндіріске де қажетті талдамаларды жасап қана қоймай, сонымен бірге оларды жақсылап таныстырып, сата білу қажет. Осы мақсатпен «Қазғылым» акционерлік қоғамы құрылды.

Академияның халықаралық байланысы да кенеюде, шетелдік серіктестермен бірге бірнеше бірлескен кәсіпорын құру көзделіп отыр.

Баспасөз конференциясының соңында К. Сағадиев журналистердің сұрақтарына жауап қайтарды.

Міртай АҚШОЛАҚОВ,
ҚазТАГ тілшісі.